

**Сот шешімімен Аршалы ауданының коммуналдық
меншігіне түскен болып танылған иесіз
қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту
туралы**

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы
17 мамырдағы № 25/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет
департаментінде 2018 жылғы 4 маусымда № 6644 болып
тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
11.06.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен
орфографиясы сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы
Экологиялық кодексінің 19-1 бабына және Қазақстан
Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және
өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Аршалы аудандық
мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен Аршалы
ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған
иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет
департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап
күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.

Аудандық

мәслихат

сессиясының төрағасы Э.Алиев

Аудандық

мәслихаттың

хатшысы

Қ.Шедербеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Аршалы ауданының

әкімі

А.Тайжанов

2018 жылғы 17 мамыр

Аршалы
аудандық
мәслихатының

2018 жылғы
17 мамырдағы
№ 25/6
шешімімен
бекітілген

**Сот шешімімен Аршалы ауданының коммуналдық меншігіне
түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен Аршалы ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен Аршалы ауданының коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қалдықтарды Аршалы ауданының коммуналдық меншігіне беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Аршалы ауданының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Иесіз қалдықтарды басқару мақсатында ауданның жергілікті атқарушы органы комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Аршалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, іске асыру, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

**2-тарау. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен
болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Иесіз қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қағидаларына

сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген иесіз қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды ауданның жергілікті атқарушы органы комиссияның ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Иесіз қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Иесіз қалдықтар іске асырылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Қорытынды ережелер

10. Иесіз қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.